



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

абзал емес пе? Білімін жүрегіне шырақ етіп, ғылым жолына түссе игі іс. Қазіргі таңда білікті ұстаз есебінде, бұл ойым менің білім берудегі түпкі қазығым болмақ. Қолыма қалам алған сәтімде Ыбырай Алтынсариннің ғибратты сөздеріне сүйене отырып, адамның ішкі жан – дүниесі мен ақылының сабырының, қайраты мен мейірімінің рухани қайнар көзі білім мен ғылым екеніне көзім жетті. Сынып жетекші ретінде шәкірттеріме ағартушының мұражайын аралауға ұсыныс тастап отырамын. Қазіргі таңда педагогикалық идеясы жаңартылған біліммен үндестік тауып отырғаны анық. Ізбасары ретінде оның идеясын тәжірибемізде қолдануға тырысамын. Сөз соңында қалдырған ізің мәңгілік дей келе, ұрпағына өшпес із қалдырған ұлт ұстазының педагогикалық идеясын жандандырып, әр сабағымызда ұтымды қолдана білейік дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аңыз адам журналы 2020 ж № 4, 8–10 б.
2. Білім шыңы газеті 2020 ж №5, 11–14 б.
3. Білімді ел журналы 2020 ж №6, 15–16 б.
4. Жаңа білім журналы 2021 ж №7, 18–20 б.
5. Қазақстан мектебі 2021 ж №8, 23–24 б.
6. Ыбырай және заманауи мектеп республикалық журнал №9, 23– 5 б.

ӨОЖ 37.034

ЖАҢА БІЛІМ ҮРДСІНДЕ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СПАНДИЯР КӨБЕЕВПЕН ҮНДЕСТІГІ

Каркимбаева Жансулу Максимовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог – зерттеуші
№ 2 жалпы білім беретін мектебі
Арқалық қаласы, Қазақстан
E – mail: Karkimbaeva72@mail.ru

Аңдатпа

Автор жұмысында жаңашыл оқытушы, тарихта өшпестей із қалдырған педагог, жазушы Ыбырай Алтынсарин мен Спандия Көбеевтің ағартушылық қызметке қосқан үлесі мен үндестігін дәріптейді. Шығармалары мектеп игілігінде заманауи білім беруде де өзекті деп ой түйеді. Тіл маманы ретінде ағартушының шығармаларының тәрбиелік мәні үлкен деп дәлелмен келтіреді. Шағын мәтіндері қарапайым, тілге жеңіл деп тәжірибесімен бөліседі. Автор педагог – жазушылардың мұрасын жаңа білім беру мазмұнында түрлендіріп, жаңғырту маңызды деп ой тастайды.

Түйінді сөздер: Педагог, рухани, жаңашыл, тәрбие, жаңару, үндестік.

Аннотация

Автор прославляет вклад и гармонию в просветительскую деятельность новаторского преподавателя, педагога, писателя Ибрая Алтынсарина и Спандии Кобеева, оставивших неизгладимый след в истории. Он считает, что произведения актуальны и в современном образовании на благо школы. Как лингвист, он аргументирует, что произведения просветителя имеют большое воспитательное значение. Небольшие тексты считаются простыми, легкими для языка. Автор считает важным трансформировать и модернизировать наследие педагогов – писателей в новом образовательном содержании.

Ключевые слова: Педагог, духовный, новатор, воспитание, обновление, гармония.

Abstract

The author glorifies the contribution and harmony in the educational activities of the innovative teacher, teacher, writer Ibray Altynsarin and Spandia Kobeev, who left an indelible mark in history. He believes that the works are relevant in modern education for the benefit of the school. As a linguist, he argues that the works of the educator have great educational value. Small texts are considered simple, easy for the language. The author considers it important to transform and modernize the legacy of teachers – writers in a new educational content.

Key words: Teacher, spiritual, innovator, education, renewal, harmony.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушысы, қоғам қайраткері. XIX – ғасырда Қазақстанда қалыптасқан, адамдар санасын өзгерту, халықтың басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесінің күрделі сипатын ашып көрсетуде ағартушылықтың маңызы зор. Осы орайда ұлт ұстазының педагогикалық еңбектерінің Спандияр Көбеевпен үндестігін тілге тиек етіп, қалам тербеп, тамшыдай болса да үлесімді қосқым келді. Иә, дана ағартушының басты мұраты адамға игілігіне қызмет ету болды. [4, б. 23–26]

Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің шәкірті, әрі жолын қуушы Спандияр ұстазының дәстүрлерін бекем ұстанды. Ол революцияға дейінгі кезеңде әрі педагогтік, әрі жазушылық қызметпен шұғылданады. Ұлы ағартушының педагогикалық еңбектері біз үшін таусылмас қазына саналса, оның әрбір еңбегінен заманауи білім беруде шәкірттеріміз рухани тілектеріне жауап табады, нәр алуға. Спандияр Көбеев – Абай, Ыбырай салған ағартушы – демократтық үлгідегі педагог – жазушы. Болашақ педагог – жазушы өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырады. Өз халқына деген сүйіспеншілік пен оған білім шырағын жағуды үміт еткен жас Спандияр өз ауылында және оған таяу жердегі мектептерде орын болмағандықтан, Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарайтын Кішіқұм деген жерге оқытушы болып барады. [6, б. 25–28] Спандияр Көбеев – Абай, Ыбырай салған ағартушы – демократтық үлгідегі педагог – жазушы. Болашақ педагог – жазушы өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырады. Ұстазы Ы.Алтынсариннің ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алған С.Көбеев 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Сонымен қатар өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер болды. Спандияр Көбеевтің «Баланы семьяда тәрбиелеу» атты еңбегін әлі күнге дейін маңызды деп санауға болады. Ол: «Бала тәрбиесі қиын да, қызықты да жұмыс. Тек жалықпаған мұғалім ғана бұл жұмыста ойдағыдай нәтижеге жетеді. Дегенмен, баса айтатын жағдай мектеп тәрбиесі мен семьяның тәрбиесі тығыз ұштасып, бір жерден шыққан күнде бұл нәтиже әрі дәйекті, әрі тиянақты болмақ. Оның себебі әр баланың мінезінің бір – біріне ұқсамайтыны сияқты, әр семьяның тәрбиесі де әркелкі. Әрбір ата – ана баласына өзінше ақыл айтып, өзінше тәрбие береді», – деп бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің ынтымақтаса жұмыс жасауына көп көңіл бөледі. [7, б. 38–39]

Бұл үндестікті Ыбырай Алтынсариннің мына шығармасынан анық байқауға болады. Мысалы, «Бай мен жарлы баласы» атты әңгімесінде жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді бас кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының әсер – ықпалын ашып көрсету арқылы мән – маңызы үлкен қорытынды жасайды. Бұл әңгімесінің өзектілігі «Ата – анаңның байлығына сеніп құр отыра бермей, өзіңнің ақылыңа, күш – жігеріңе жүгін» дегенді айқындап береді. Міне, шығарма қарапайым тілімен, шағын мазмұнымен оқушыларды өз күшіне сенуге насихаттайды.

Ағартушы Ыбырай Алтынсарин білім берудің түпкілікті мақсаты ретінде өлкенің рухани дамуы ғана емес, экономикалық дамуын көрді. [8, б. 26–27]

Мысалға ол бұл қажеттіліктерді орыс – қазақ мектептерінің оқу бағдарламаларын құрастырғанда ескеріп отырған. Ағартушының ойынша, мектеп өз құрылымы бойынша жаңа мәдени өмірдің, жаңа дәстүрлердің, тәртіптің, өнердің үлгісі болуы тиіс. Ғылыммен айналысқан және оның құндылықтарын игере алған адамдарды қалай құрметтесең де лайықты деп санаған. Ағартушы жастардың патриоттық сезіміне де ықпал етуге тырысқан. Бұны Спандияр Көбеевтің мына айтқанынан аңғаруға болады. Арнаулы салған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетпеуі, ел ішіндегі балаларын орысша оқытуға наразы надан көзқарас – бәрімен жас мұғалім жалғыз күреседі. С.Көбеев балаларды Ыбырай әдісімен оқытады, ғылым негіздерін үйретеді. С.Көбеев ұстазы Ы.Алтынсарин тәрізді мұғалімдік қызмет пен жазушылықты шебер ұштастыра білді. Ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де, «Кел, балалар оқылық» деген қанатты сөздерімен халық жүрегінен ойып тұрып орын алған ағартушы, демократ, педагог Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің болашақтан күткен үміті бүгінгі күні жүзеге асып отыр. Дәл бүгінгі күні заман талабына сай білім беру үдерісінде бала тұлғасының баланың рухани адамгершілік талабын ашу керек. Себебі бала бойында шынайылықты, адамгершілікті дамыту педагогикалық үдеріс кезінде іске асады. Бұл туралы Ы.Алтынсарин педагогикалық еңбегінде «Жастардың ой – пікірі еркін, оның келешегі үшін тек сана сезім жағынан білім мен пайдалы өнерді үйрену керек» дегені заман шындығына айналып отыр. Расында дәл қазіргі ақпарат легі көп заманда аалдымен рухани білім аса қажет. [9, б. 15–16]

Осы орайда мектебімізде жаңартылған білім аясында жаңа бағытта педагог – ағартушылардың мұрасын тиімді пайдалану жалғасын тауып отыр. Өзімнің тәжірибемде байқағаным екеуінің де кез – келген шығармасының идеясы еңбекқор, қоғам белсендісін тәрбиелеу. Қай – қайсының да педагогикалық еңбектері адамның қоғамда өз орнын табуға жол сілтеп, аз сөзбен көп мағына беретін әңгімелері дұрыс әрекет, ақиқат, қиянат жасауға тәрізді ішкі жан құндылығын дарытады. Мәселен Ыбырай Алтынсариннің «Мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен қымбат көремін» деген ойы заманауи мұғалімнің бар болмысын ашады. Яғни, мен бұл даналық сөздерін сараласам, заман талабына сай өз ісінің шеберіне айнала отырып, шәкірттерімді ізденіске шабыттандыруым қажет. Иә, расында білектің күшімен емес, білімге сенген жаңа заман баласы өздігінен білім алу дәрежесіне жетті. Заман талабына сай, «Оқыту өмірге дайындау емес, өмірдің өзі» демекші, жаңа технологияны меңгеру әр оқытушының шеберлігіне байланысты. Осы орайда күнделікті сабақта Ы.Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің шығармаларын заманауи әдіс – тәсілдерді қолдана отырып түрлендіруге болады. Мәселен, ағартушының еңбек тақырыбындағы әңгімелерінің мазмұнын терең ұғындырып, кәсіби

шеберлігімізді шығармашылықпен ұластыра отырып, мақсатқа жетуге болады. Осы орайда инновациялық белсенді әдістерді қолдана отырып, ағартушының шығармаларын оқушы санасына жеткізуді мақсат тұтамын. Өзімнің тәжірибемде, педагог – жазушылардың идеясын әр сабағымда қалай жүзеге асырамын? Міне, осы орайда дәл осы тақырыпты заманауи білім беруде білім алушыларға қалай жеткізіп жүрмін? Бұл сауалыма жауапты жаңа технология шеңберінен таптым десем, артық айтқаным емес. Бәрімізге мәлім, қазіргі жаңартылған білім аясында инновациялық технологиялардың пайдасы зор. Дәл бүгінгі күні инновациялық білім беру жаңа білімнің өзегіне айналды. [11, б. 23–25]

Ыбырай Алтынсариннің екі түрлі мәселені біріншісі бала оқыту, екіншісі ой – санасын жаңалыққа бейімдеу жолында тәрбиелік мәні зор шығармалары мирас боп қалса, бұл менің әр сабағымнан көрініс табуда. Еңбек тақырыбы – оның шығармаларының негізі. Еңбексіз өмір бос деп санайды ойшыл. Ал, Спандияр Көбеев «Қомағай ит», «Түскі тамақ пен кешкі тамақ» әңгімесінде адамгершілік, еңбекті дәріптеген. Әңгімелеріндегі кейіпкердің әр түрлі қасиеттері арқылы табандылығының арқасында сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу еді. Заман талабына сай, талап дәл қазіргі уақытта оқушыларымызға қажет – ақ. Мәселен, өзім атап өткен тақырыпты түсіндіру аясында шәкірттерім «Автор орындығы», «Серпілген сауал», «Екі жақты күнделік» әдістерімен еркін жұмыс жасай алады. Осындайда Ж.Аймауытовтың «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол, жаңадан – жаңаны табатын өнер» деген даналық сөздері еріксіз жадыма оралады. Өйткені, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің шығармаларын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының да белсенді әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, түсіндірсек, оқушының білуге деген қызығушылығы арта түсетіні анық. Көбінесе шәкірттерім ұқсастығын айтады. Иә, әр сабағымда дара тұлғалардың тәрбиелік мәні зор әңгімелері шәкірттерімнің рухани санасын өсіріп, жақсы мен жаманды айыра білуге үйретті. Ғылыммен айналысқан және оның құндылықтарын игере алған адамдарды қалай құрметтесең де лайықты деп санаған ағартушы жастардың патриоттық сезіміне де ықпал етуге тырысқан. Халық ғылыми және техникалық тұрғыда артта қалып қойды, сондықтан да оны жою үшін білімді игеру қажет деп түсінген. Міне бұл ұқсастықты Спандияр Көбеевтен де кездестіруге болады. Ол ғылым мен білімнің, адамдардың өзіндік қасиеттерін қалыптастыратынын, өзі, ақиқат пен әділдік үшін күресуге шақыратынын айтқан болатын. [12, б. 28–29]

Сол үшін үнемі кәсіби біліктілігімізді шындай түсіп, көпсөзділіктен арылып, жаңалық жаршысы болуымыз тиіс. Мәселен, бұған өзімнің жетістікке қолым жеткен сәтімде көзім анық жетті. Яғни, терең білімді болсаң ғана жеңіс тұғырынан көріне аласың. Бүгінгі таңда педагог – жазушылардың педагогикалық еңбектері маңызын жойған емес. Қайта мол мұрасы мектеп игілігіне жарап, бізді терең біліммен сусындатып келеді дегім келеді. Иә, даналардың педагогикалық еңбектерін заманауи түрде жандандырып, оқушыларға жеткізу басты мақсатым деп білемін. Сөзімді қорытындылай келе, ұлылықтың басында ұстаз тұрар демекші, педагогикалық мұраларын жаңартылған білім аясында жаңартып қолдануда еңбегімізді еселей берейік дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аңыз адам журналы 2020 ж № 4, 23–26 б.
2. Әуезов М. Ыбырай естелігі 2020 ж №6, 25–28 б.
3. Педагогикалық ой – сана журнал 2020 ж №7, 38–39 б.
4. Білім шыңы газеті 2020 ж №8, 26–27 б.
5. Білімді ел журналы 2020 ж №9, 15–16 б.
6. Жаңа білім журналы 2020 ж №10, 27–29 б.
7. Қазақстан мектебі 2021 ж №5, 11–14 б.
8. Ыбырай Алтынсарин – Атамұра баспасы №5, 23–25 б.